

Бекітемін

«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы
балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сеитова

2025-2026 оқ.ж

Психикалық дамуы тежелген «Достық» мектеп алды тобының логопеді Т.Н.Бекниязованың
Сөйлеуді дамыту пәнінен 2025-2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспары
(Сеитова А.О., Нағашыбаева Ә. К., Әбжапбарова Г.Қ., Бекниязова Т.Н. «Ойын әрекетінің мектеп жасына дейінгі
балалардың грамматикалық сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуге әсері» мектепке дейінгі балаларға арналған бағдарлама)

Қыркүйек 2025 жыл

Арнайы түзету іс- әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Жыл басына арналған балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру : артикуляцилық аппарат құрлымы қызметі және артикуляциялық моторика жағдайы, танымдық іс-әрекет жағдайы, өнімді іс-әрекет түрлерін орындауы, сөйлеу әрекетінің жағдайы. Фонематикалық қабылдауын дамыту, түсініктерін қалыптастыру. Естіп және көріп еске сақтауын дамыту. Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын, саусақ қол моторикасын дамыту. Артикуляциялық аппараттың жағдайын бақылап, негізгі бұлшықеттерді жаттықтыру. Баланың тілдік белсенділігін арттыру үшін ойын және жаттығуларды қолдану. Фонематикалық қабылдаудың бастапқы деңгейін бағалау және түзету жоспарын құру. Сөздік қорды байыту бағытындағы алғашқы тапсырмаларды енгізу. Балалардың сөйлеуіне қызығушылығын арттыру және ынталандыру. Сөйлеу дағдыларының негізін қалыптастыру.

Қазан 2025 жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық аппараттың қозғалысын дамыту жаттығуларын жүйелі жүргізу. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға арналған ойындарды қолдану. Сөздердің дыбыстық құрылымын дұрыс айтуға үйрету. Фонематикалық қабылдауын жетілдіру арқылы дұрыс естіп, қайталауға машықтандыру. Сөйлем құрастыру кезінде грамматикалық құрылымды сақтауына назар аудару. Балалардың тілдік белсенділігін арттыруға арналған топтық тапсырмаларды ұйымдастыру. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығару және артикуляциялық моториканы дамыту. Қабылдау, ойлау, есте сақтау процестерін дамыту. Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіре білуге үйрету. Ұсақ моториканы дамыту. Зат есімнің көпше түрін жасау. Жалпылап айтуға үйрету.

Қараша 2025 жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Буындық талдау мен дыбыстық есту қабілетін жетілдіру жаттығуларын өткізу. Сөз таптары бойынша (зат есім, сын есім, етістік) таныстыру және қолдануға үйрету. Жұп дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру мақсатында сурет бойынша әңгіме құрату. Сөйлеу барысында дауыс ырғағы мен екпінді дұрыс қоюға машықтандыру. Баланың өз ойын толық жеткізуіне жағдай жасау. Грамматикалық сөйлеу құрылымын қалыптастыру. Көріп қабылдау және еске сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдық процестерін дамыту. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіруін дамыту. Зат есімді сан есім, сын есім, етістікпен тіркестіріп, сөз тіркесін жасауға үйрету. Сурет бойынша сипаттап айтуға жаттықтыру. Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту.

Handwritten signature

Желтоқсан 2025жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыруды жалғастыру. Фонематикалық естуді дамытуға бағытталған тыңдау және салыстыру жаттығуларын өткізу. Сөздерді дыбыстық талдауға үйрету. Сөйлем құрау кезінде сөздердің ретін дұрыс сақтауға жаттықтыру. Сөздік қорды кеңейту үшін тақырыптық суреттермен жұмыс жүргізу. Қимылды және сюжетті ойындар арқылы сөйлеу белсенділігін арттыру. Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру. Қойылған сұрақтарды түсініп байланысқан айтылымдармен жауап беруге жаттықтыру. Заттардың түстерін атап, кеңістікті бағдарлауға үйрету.

Қаңтар 2026 жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру : артикуляциялық аппарат құрлымы қызметі және артикуляциялық моторика жағдайы, танымдық іс-әрекет жағдайы, өнімді іс-әрекет түрлерін орындауы, сөйлеу әрекетінің жағдайы. Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын, қимылын, сипатын білдіретін сөздермен сөздік қорларын дамыту, белсенділеу, нақтылау. Зейін, ойлау есте сақтау процестерінтерін дамыту. Өтілген дыбыстарды бекітуге және автоматтандыруға бағытталған жұмыс жүргізу. Тілдің грамматикалық құрылымын меңгерту үшін сөйлем үлгілерімен жұмыс жасау. Сөздердің көпше түрін, септік жалғауларын қолдануға үйрету. Жыл мезгілдеріне байланысты сөздік қорды байыту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру жаттығуларын жалғастыру. Тілдік қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Дұрыс дыбыстау мен сөйлеу мәнерін қалыптастыру.

Оалла

Ақпан 2026 жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлемдегі сөздердің байланысын түсіндіру және тәжірибе арқылы үйрету. Дауысты мен дауыссыз дыбыстарды салыстыру арқылы фонематикалық қабылдауды дамыту. Сөйлеу барысында грамматикалық нормаларды сақтауға машықтандыру. Артикуляциялық бұлшықеттерді нығайтуға арналған жаттығуларды орындау. Сюжетті және рөлдік ойындар арқылы сөздік қорды байыту. Сөйлем құрау кезінде логикалық бірізділікті сақтауға үйрету. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Жинақтап айту және зат бөлшектерінің атауын үйрету. Қол моторикасын, артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын дамыту. 5 көлемінде санау дағдыларын жетілдіру. Көріп және естіп есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Диалог құрып сөйлеуге жаттықтыру.

Наурыз 2026 жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Баланың дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын жетілдіру. Сөз құрамындағы дыбыстардың орнын анықтауға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеуді дамытуға арналған көрнекілікпен жұмыс жүргізу. Жаңа сөздерді белсенді қолдануға үйрету. Сөйлеуде дұрыс дауыс ырғағын қалыптастыруға көңіл бөлу. Сөйлеу белсенділігін арттыру. Сұрақтар арқылы балаларды әңгімеге тарту. Сурет бойынша әңгіме құрастырып айтуға үйрету. Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын, қимылын, сипатын білдіретін сөздермен сөздік қорларын дамыту, белсенділеу

Желіс

Сәуір 2026 жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуде грамматикалық және дыбыстық дұрыстықты сақтауына назар аудару. Байланыстырып сөйлеу барысында сөйлем құрылымын дұрыс қолдануға үйрету. Табиғат, жануарлар, тұрмыстық заттар туралы сөздік қорды кеңейту. Фонематикалық есту қабілетін жетілдіру мақсатында ойын түрлерін өткізу. Сөздердің мағынасын түсіну және орынды қолдану дағдысын дамыту. Сөйлеуде еркін және сенімді болуға машықтандыру. Дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Тілдік тыныс алу, артикуляциялық және ұсақ қол моторикасын дамыту. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіре білуге үйрету. Зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

Мамыр 2026 жыл

Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру : артикуляцилық аппарат құрлымы қызметі және артикуляциялық моторика жағдайы, танымдық іс-әрекет жағдайы, өнімді іс-әрекет түрлерін орындауы, сөйлеу әрекетінің жағдайы. Жыл бойы меңгерілген білім мен дағдыларды тексеру және қорытындылау. Дыбыстық, фонематикалық және грамматикалық дағдыларды бекітуге бағытталған жаттығулар жүргізу. Балалардың сөйлеу жетістіктерін жеке бағалау және түзету бағыттарын белгілеу. Байланыстырып сөйлеуді дамыту мақсатында әңгімелеу және сұрақ-жауап әдісін қолдану. Өз ойын анық, нақты жеткізуге үйрету. Дұрыс дыбыстау мен сөйлеу дағдыларын бекіту.

5

Оқсаныс



«Достық» мектеп-балуыстық "Нектар" арнайы

"Нектар" коммуналдык

мектеп-балуыстық мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сейтова

2025-2026 оқу жылы

Психикалық дамуы тежелген «Достық» мектепалды тобының логопеді
Т.Н.Бекниязованың Сөйлеуді дамыту пәнінен «Ойын әрекетінің мектеп жасына
дейінгі балалардың грамматикалық сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуге әсері»
жұмыс бағдарламасы

Ақтөбе, 2025 жыл

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының сараптау кеңесінің №3 хаттамасы шешімінің негізінде баспаға ұсынылды.

Сентова Асия Орынбасаровна – «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» КММ меңгерушісі

Нағашыбаева Әсемгүл Көбейсінқызы - «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» КММ тәрбиешісі

Әбжапбарова Гауһар Қанатбекқызы - «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» КММ дефектолог-логопеді

Бекниязова Толғанай Нұркенқызы - «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» КММ дефектолог-логопеді

Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балаларда таным процесін дамыту және сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде ойын әрекеті маңызды болып саналады. Әсіресе ойын әрекетінің ішінде сөйлеу дағдыларын дамытушы дидактикалық ойындар маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, ойын әрекетінің бала психикасының толыққанды, жан-жақты дамуына, олардың сөйлесуіне, құрдастарымен және мектепалды даярлықтермен қарым-қатынас жасау тәжірибесіне әсер етуін, оқу әрекетіне қызығушылық тудыруы қажеттілігін де ескерген жөн.

Бағдарламаның мазмұны: Баланың таным қабілетін, білімін жүйелеу, ойын және жаттығулар арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын арттыру, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру.

Бағдарламаның мақсаты:

- түсінгендерін әңгімелеп жеткізе білу;
- басынан өткен өмірлік оқиғаларды салыстыра, байланыстыра білуі;
- ойын арқылы логикалық ойлай білуге үйрету;
- грамматикалық сөз қатарын дамыту;
- әрі қарай өз бетімен бейімделуін қалыптастыру.

Міндеттері:

- адамгершілік пен ойлау дағдысын қалыптастыру;
- ойлау мәнеріне ден қою;
- баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу;
- таным қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- адамдардың өмір сүру ортасын танып-білу, қоршаған ортадағы барлық түсініктермен танысу, оларға тән айырмашылықтарды ажырата алу.
- айналасына адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

Бағдарлама мерзімі мен ұзақтығы: «Тілімізді дамытамыз!» бағдарламасы мектепалды даярлық топ балаларына арнап құрылған. Жалпы сағат саны - 36 сағат, аптасына 1 рет өткізуге жоспарланған. Ұзақтығы 20 минутты қамтиды. Бағдарлама 1 жылға арналған.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Әдістемелік түзету тәсілдері	Сағат саны
1	Біздің екінші үйіміз	Балалардың балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту. Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. «Балабақша» тақырыбы бойынша сөздік қорын арттыру және кеңейту. Балабақшаға деген мақтаныш, құрмет сезімдерін дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Өткеншек», «Футбол» Тыныс жаттығуы: «Қалай әндетеді» Саусақ жаттығуы: «Доп» Дамытушылық ойын: «Сиқырлы қорапша», «Даладағы серуен»	1
2	Мына үйде кім тұрады?	Балалардың отбасы туралы білімдерін жүйелеу және анықтау. Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту, байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру, тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру, фонематикалық түсініктерін дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Ағайынды аралар» Тыныс жаттығуы: «Көбелекті үрле» Саусақ жаттығуы: «Қимылды қайтала» Дамытушылық ойын: «Суретті сипатта» «Отбасымызда кімдер бар?»	1
3	Ойлан, тап!	«Ойыншықтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту. Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Ойын және жаттығулар арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Тоқылдақ», «Сылашы» Тыныс жаттығуы: «Гүлдің иісі тамаша» Саусақ жаттығуы: «Бір дегенім» Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды ата», «Ойыншықтар көлеңкесін тап»	1
4	Дене мүшелерін ата	Балаларға өз дене мүшелерін, сезім мүшелерін ажырата білуге, дене мүшелерінің атқаратын қызметі мен, бір-бірінен айырмашылығын танып-білуге, айтып ажыратуға үйрету	Артикуляциялық жаттығу: «Түтікше» Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдің иісі» Саусақ жаттығуы: «Қол шатыр» Дидактикалық ойын: «Күзгі еңбекке не жатады?», «Артығын тап»	1
5	Бұл қай кезде болады?	Күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Тақырып бойынша сөздік қорын	Артикуляциялық жаттығу: «Тілді жалпақ қыл» Тыныстау жаттығуы: «Самал жел»	1

		белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру.	Саусақ жаттығуы: «Қимылды қайтала» Дамытушылық ойын: «Жейді әлде жемейді?», «Қандай жеміс?»	
6	Жемістерді ажырат	Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір - бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Балалардың сүйіп жейтін жемістерімен жақын таныстыру, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын байыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Инеше» Тыныс жаттығуы: «Оң қол және сол қол» Саусақ жаттығулары: «Жаңбыр» Дидактикалық ойын: «Көкөністі тап», «Тәтті немесе ащы?»	1
7	Не қайда өседі?	Көкөністерді бір-бірінен айыруға, олардың түстері, жинап алатын мезгілін білуге үйрету. Көкөністердің пайдасы туралы әңгімелеу. «Көкөністер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау.	Артикуляциялық жаттығу: Кәмпіттіжабыстыр Тыныс жаттығу: «Шарды үрле» Дамытушылық ойын: «Мен көрсетемін сен ата?» «Түрлі түсті себеттер», «Кімде қанша?», «Жидек теру», «Жалаушаны көтер»	1
8	Бұл неге жатады?	Тақырып бойынша сөздік қорларын молайту және олардың түрлерімен танысу. Жидектер туралы және олардың ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Жеуге болатын саңырауқұлақ түрлеріне тоқталу.	Артикуляциялық жаттығу: «Әткеншек» Тыныс жаттығуы: «Қалай әндетеді» Саусақ жаттығуы: «Доп» Дамытушылық ойын: «Сикырлы қорапша». «Сипаттамасы бойынша тап»	1
9	Бауырсақ ертегісі	Балаларға нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Мақал- мәтелдерді, тыйым сөздерді, пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Нанды қастерлеуге және дикандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Тоқылдақ» «Кесе», «Сырғанақ» Саусақ жаттығуы: «Паровоз» Тыныс жаттығуы: «Жапырақтар ұшады» Ойын: «Тізбек», «Артығын тап»	1
10	Қателесіп қалма?	Ағаштардың адамға не үшін қажет екенін, олардың қандай болатынын түсіндіру. Тақырыпқа байланысты балалардың белсенді сөздік қорын молайтып, сөз тіркесін құрауға үйрету.	Артикуляциялық жаттығу: «Сағат» Тыныс алу жаттығуы: «Ыстық сүт»	1

			Дидактикалық ойын: «Қандай құс?», «Құстар қайда ұшуда?»	
11	Дауысын тап!	Үй құстары туралы сөздік қорларын кеңейту. Үй құстарының атауын атау және олардың дыбыстау ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін калыптастыру.	Артикуляциялық жаттығу: «Баспалдақтар» Тыныс алу жаттығуы: «Айнаның бетін тазала» Саусақ жаттығуы: «Бас бармақ» Дамытушылық ойын: «Мүқияты бол»	1
12	Не қайда тұрады?	Жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету, қолдануы және бөліктері, жасалған материалын таныстыру. Сөздік қорын дамыту.	Арт. жат: «Қоршау», «Түтікше», «Ине» Саусақ гим: «Бірлік» Тын гим: «Үлкен – кіші» Ойын: «Не үшін қажет?» «Дыбысқа сәйкес сөз ойла» «Сипаттамасы бойынша тап»	1
13	Дұрыс құрастыр	Көліктердің түрлерімен, қай жерде қандай көлікпен жүру керектігіне үйрету. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету.	Арт. жат: «Күркетауық», «Тәтті тосап», «Ат шауып келеді» Тыныс жаттығуы: «Әуе шары» Саусақ жаттығуы: «Көңілді көліктер» Дамытушылық ойын: «Не жоғалды?» «Сөз ойла, тез ойла»	1
14	Мен өскенде кім болам?	Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру. Мамандық атауларын, әр мамандық иесінің атқаратын қызметі, мамандыққа тән ерекшеліктерімен таныстыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Ат шауып келеді» Тыныс алу жаттығуы: «Көпіршік» Саусақ жаттығуы: «Қимылды қайтала» Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?», «Сөзді аяқта», «Ол кім?»	1
15	Тәуелсіздік - тұмарым, Мәңгілік ел тұрағым	Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы балаларға ұғындыру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін калыптастыру. Патриотизмге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Саңырауқұлақ», «Барабан» Дамытушылық жаттығу: «Көңілді балақай» Саусақ жаттығуы: «Құстар қанат қағады» Дамытушылық ойын: «Суретке қарап әңгіме құра», «Кім шапшаң»	1
16	Сыңарын тап!	Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөздік қорын	Арт. жат: «Түтікше», «Ине», «Сырғанақ»	

		дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық катарын ,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту.	Тыныс жаттығуы:«Боранды жел» Саусақ жаттығуы: «Қолымызды жылытамыз» Ойын: «Сөйлемді аяқта», «Қар,жел,боран,аяз»	
17	Бұл қай мезгілде болады?	Қыс мезгілімен таныстырып, білімдерін кеңейту. Қыс мезгілін басқа мезгілдерден айыра, айырмашылығымен ерекшеліктерін баяндау білуге үйрету. Байланыстыру сөйлеуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қиынды суреттер», «Суреттер сөйдейді», «Қорапша». Әдістеме «Үй.Ағаш.Адам» Санау құралы	1
18	Ненің төлі?	Үй жануарлары бойынша сөздік қорларын кеңейту. Үй жануарларының атауын атау және олардың дыбыстау ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін калыптастыру.	Арт. жат: «Түтікше», «Құймақ», «Ат шауып келеді». Тыныстау гим: «Өз тыныс алуынды тыңда» Ойын: «Бұл қай жануар?» «Төлін тап,ата» «Қай жануар өнімі?»	1
19	Мекені қайда?	Жабайы жануарлар туралы түсініктерін тереңдету. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу. Жануарлар әлеміне саяхат арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	Артикуляциялық жаттығу: «Пароход гуулдейді» Саусақ жаттығуы:«Ұшты,ұшты» Тын гим: «Қаздар ұшып келеді» Ойын: «Ойлан тап», «Бірінші дыбысты ата» «Бір сөзбен ата»	1
20	Қар үстіне қонады	Балалардың қыстап қалатын құстарды атап, олар жайлы түсініктерді кеңейту. Құстарға деген қамқорлық көзқарасын дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Тарак» Тыныс алу жаттығу: «Кел үрлейік» Саусақ жаттығулары: «Секендеген қояндар» Дидактикалық ойын: «Қардағы жануар ізі», «Қай анның дауысы?»	1
21	Неден жасалған?	Балалардың қарапайым ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту, түрлерімен таныстыру. Олардың тұрмыста қажеттілігін түсіндіру. Тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайту.	Артикуляциялық жаттығу: «Тәтті тосап», «Футбол» Ойын: «Сикырлы дорба» Сипап сезіп қандай ыдыс екенін айту. Ойын : «Не өзгерді?» Ойын: «Сынған ыдыстар?»	1

			Ойын : «Не артық?»	
22	Бір сөзбен ата	Азық –түлік аттарын қазақша атай алуға, естеріне сақтауға жаттықтыру. Дәрумендер – табиғи қорғаушылар екенін ұғындыру, олардың пайдасы жайлы түсіндіру.	Артикуляциялық жаттығу: «Гармон» Тыныс жаттығуы: Біркелкі дем алу Саусақ жаттығуы: «Жаңбыр себелеп тұр» Дамытушылық ойын: «Ойлан тап» «Мен атаймын, сен көрсет»	1
23	Сөзді айтуға көмектес	Тұрмыстық электр құралдарының қалай аталуын және оның атқаратын қызметімен таныстыру. Олардың қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Сөздік қорын, сөйлеу тілін, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Тостакша» Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдің иісі» Саусақ жаттығуы: «Үлгіні қайтала» Дидактикалық ойын: «Не артық?», «Сөз ойла»	
24	Сықырлы суреттер	Балаларға аяқ киім түрлері, қысқы аяқ киімдер туралы түсінік беру. Әр мезгілге тән аяқ киімдерді ажырата білуге үйрету. Олардың адам үшін маңыздылығын ұғындыру.	Артикуляциялық жаттығу: «Тісімізді тазалайық» Тыныс жаттығуы: «сүңгігіштер» Саусақ жаттығуы: «Қайық кеме» Дамытушылық ойын: «Не өзгерді» «Өз жұбыңды тап»	1
25	Ана-біздің күніміз!	Балаларға 8-наурыз халықаралық мейрамы екенін ұғындыру. Мереке қалай аталып өтетінін әңгімелеп беру. Тақырыпқа байланысты белсенді сөздік қорын молайту.	Артикуляциялық жаттығу: «Саңырауқұлақ» Тыныс жаттығуы: «Құс мамығын үрле» Жұмбақ өлең: «Ол кім?» Кім сендерді, балалар, сүйетұғын, Қуанышына қуанып, қайғыға күйе-тұғын? Кім сендерді, балалар, тербететін, Еркелетіп, ойнатып, сергітетін? Кім сендерді сағынар шетке кетсең, Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең? Кім сағынар сендерді келгенінше, Құлындарын көзімен көргенінше? Қимыл жаттығуы: «Апам үшін күндеде»	1
26	Ерте,	Ертегілер туралы түсініктерін	Артикуляциялық жаттығу:	

	ерте, ертеде...	калыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру.Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету.	«Тәтті тосап» Тыныс жаттығуы: «Жел гулейді» Саусақ жаттығуы: «Саусақтармен ойнаймыз» Дамытушылық ойын: «Сиқыршы суретші», «Сөзді ата»	
27	Сәйкестендір	«Киімдер» туралы түсініктерін кеңейту, олардың атын атап қандай материалдан жасалғанын және не үшін керек екенін айтып тани білуге үйрету. Киімдердің түстері, пішіндері туралы түсініктерін қалыптастыру.	Арт.жат: «Тәтті тосап», «Әткеншек», «Барабан» Ойын: «Киімдерді топтастыр» Логоритмикалық жаттығу: «Ұйқасын тап» Ап-ап –ап қолыма кием қолғап Он-он-он мынау жылы тон Ік-ік-ік мынау былғары етік Ек-ек-ек мынау әдемі көйлек Ойын: «Сөз ойла»	1
28	Қош келдің әз– Наурыз!	«Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу	Артикуляциялық жаттығу: «пя-пя-пя» «Күрке тауық» Тыныс жаттығуы: «Мұрынмен кезек дем алу» Дамытушылық ойын: «Сөзді есте сақта, суретті көрсет», «Сөз ойла»	1
29	Сипатта	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту.	Жаттамақ: Тем-тем-тем, Көңілді көктем. Ыр-ыр-ыр, Жауады жаңбыр. Ғай-ғай-ғай, Жарқылдайды найзағай. Шек-шек-шек, Шығады бәйшешек. Ал-ал-ал Төлдейді мал. Мақсаты:Сөйлеу тілін дамыту.	1
30	Ғарышқа саяхат	Ғарыш,ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру.Сөздік қорларын байыту. Есте сақтау қабілеттерін,ой-өрістерін,зейіндерін,көріп тану қабілеттерін дамыту	Артикуляциялық жаттығу: «Тісімізді тазалайық» Тыныс жаттығуы: «сүңгігіштер» Саусақ жаттығуы: «Достық»	1
31	Отанымды табамын!	Балалардың көктем құстары туралы білімдерін және олардың немен қоректенетіні, дене бітімі	Арт.жат: «Қоршау», «Түтікше», «Ине», «Саңырауқұлақ»	

		туралы білімдерін бекіту.Құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы мағлұмат беру.Құстар туралы көркем сөздерді пайдаланып сөздік қорын, ой-өрісін дамыту.	Тыныстау жаттығуы «Самал жел» Дамытушылық ойын:«Кім есінде көп сақтайды?»	
32	Сөз құра	Балалардың теңіз, мұхит ұғымын бекіту. Судың қасиетін, теңіздегі балықтар туралы, теңіз асты заттар, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде түсінік беру.	Арт .жат: «Күркетауық» , «Тәтті тосап» , «Ат шауып келе жатыр» Тыныстау жаттығуы «Түрлі түсті көбелектер» Ойын: «Сөйлемді аяқта» Қоңыз дәу,ал маса Қоңыздың канаты қысқа,ал инеліктің канаты.... Ойын : «Не артық?»	1
33	Түсіне қарай ажырат	Гүлдер туралы түсініктерін кеңейту, түстерді ажырата білуге үйрету. Белсенді грамматикалық сөздік қорын молайту. Әдемілікті сезіне білуге, көркемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету.	Арт .жат: «Кесе», «Сырганақ» Тын .жат: «Үлкен болып өсемін» Ойын: «Сөйлемді аяқта» «Суретті құрастыр» «Сыпайы болу»	1
34	Отанымды сүйемін!	Отанды сүйуге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, үйрету. Ата-бабаларымыздың ерліктерін әңгімелеу.	Арт .жат: «Күркетауық» , «Тәтті тосап» , «Ат шауып келеді» Ойын: «Не артық?» Ойын : «Не жоғалды?» Ойын: «Сөзді аяқта» Тын .жат: «Қарға»	1
35	Жәндіктер	Тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру дамыту. Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы, атаулары туралы білімдерін толықтыру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығаруды дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Гармон» Тыныс жаттығуы: Біркелкі дем алу Саусақ жаттығуы: «Жаңбыр себелеп тұр» Дамытушылық ойындар: «Көңілді балақай» «Суретті сипатта»	1
36	Алақай, жаз!	Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Тақырыпқа сәйкес сөздік қорларын молайту. 3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену.	Арт.жат: «Сырганақ», «Тентек тілді жазалау» «Тіс тазалау» Жаттамақ:Аз-аз-аз, Жайдары жаз. Үн-үн-үн, Ыстық күн. Дамытушылық ойын:«Бұл қай мезгіл»,«Құбылыстарынды ата»	1

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Логопедия. Л. С. Волкованың ред. М., Просвещение 2009, 345-383 б.
2. Өмірбекова Қ. Қ., Логопедия, Алматы 2006, 192-218 б.
3. Өмірбекова Қ. Қ. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы және түзету жолдары. Алматы, 2009
4. Садовникова И. Н. Нарушение письменной речи, их преодоление у младших школьников. М., Владос 2007.
5. И.А.Смирнова «Логопедическая диагностика коррекция и профилактика нарушений речи у дошкольников» Санк-Петербург 2007. – 192б. – Б.87.
6. Забрашкая С.Д. «Наглядный материал для психолого – педагогического обследования детей в медико-педагогических комиссиях». Киев 2008. -180б.- Б.18.
7. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. «Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников». М.:Просвещение, 2000. – 239с. – С.27.
8. Т.Б.Филичева, Н.А.Чевелева, Г.В.Чиркина «Основы логопедий». Москва «Просвещение» 2009. – 209с. – С.126.
9. Л.С.Волковой «Логопедия», Москва «Владос» 2007.-703с.-С.513.
- 10.М.С.Грушевская «Недоразвитие речи у младший дошкольников и его преодоление». Алматы «Мектеп» 2009. – 55с. – С.9.
11. Основы теории и практики логопедии под. Ред. Р.Е.Левиной. М.2008. – 272 с.-С.27.
- 12.Лалиева Р.И., Серебрякова Н.В. «Коррекция общего недоразвития речи у дошкольников». Санк-петербург 2009. – 92с.
- 13.Глухова В.И. «Особенности связной монологической речи детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи». Л,2007.-560с.-С.86.
- 14.Научно-методический журнал. // Дефектология. 2007,5. №5,49 б.
- 15.Елубаева Қ.К. «Ойын терапиясы» Алматы,2004.-24б.-Б.3.
- 16.Өмірбекова Қ.Қ, Өмірбекова С.Ж. «Фонетикасы мен фонематикасы толық дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу». Алматы,2004. -64б.-Б.58.
17. Каше Г.А. Подготовка к школе детей с недостатками речи.М.П.2005.-275с.- С.6.
- 18.Правдина О.В. Логопедия.М.2003.-460с.-С.4.
- 19.Фомичева М.Ф. Воспитание у детей правильного произношения.М.2001.- 280с.-С.171.
- 20.Г.Қасымова. Танымдық іс әрекетті түзету.Алматы.2004.-51б.-Б.6.
- 21.З.А.Мовкебаева. Сөйлеу тілін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқау. Алматыкітап.2002.-31б.-Б.25.
- 22.Дефектология./2005.-32-34 б.№2.